

Баспасөз өнімдерін жүйелі түрде шығарып отыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1993 жылғы 5 қаңтар N 2-ө

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумының "Қазақ ССР Жоғарғы Советінің " Халық кеңесі", "Советы Казахстана" газеттерінің шығарылу мерзімдерін жиілету туралы" 1991 жылғы 28 қаңтардағы N 457 және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің "Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қызметін жетілдіру туралы" 1991 жылғы 20 маусымдағы N 686 қаулыларын орындау үшін мынадай шаралар жүзеге асырылсын:

1. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне ("Қазақстан" баспасына) баспаханалық тәсілмен көп тиражбен басылатын заңдар мен қаулылар жинағын шығаруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің заңдары мен қаулыларының жинағын баспаханалық тәсілмен шығаруды мемлекеттік мұқтаждар тізіміне енгізісін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Казконтракт" республикалық контракт корпорациясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспасөз өнімдерін жүйелі түрде шығарып отыру үшін бюджеттен қаржы бөлуді, материалдық ресурстарды шарттық негізде сатып алу мен жеткізіп тұруды қамтамасыз етсін.

2. "Дәуір" газет-журнал баспасының полиграфия базасында тапсырыстар негізінде " Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Хабарларын" тұрақты шығарып тұру ұйымдастырылсын.

Стенографиялық есептерді кітапша етіп шығару және сессияларда қабылданған заңдар мен қаулылардың жыл сайынғы сегіз кітабын шығарып тұру тапсырыстар негізінде тәжірибеге енгізіліп, ол үшін "Кітап" өндірістік бірлестігінің полиграфия базасы берілсін.

3. Сессия алдында және сессия кезінде заңдар мен қаулылардың жобасын жетілдіру жөніндегі редакциялық-баспалық қызметтің, сондай-ақ Жоғарғы Кеңестің өзге де құрылымдық бөлімшелерінің шұғыл құжаттары мен материалдарын дайындау және шығару тапсырыстық шарттар негізінде шұғыл басылымдар баспаханасында жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК